



БАҚ-қа арналған МЕДИА-НҰСКАУЛЫҚ

**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ
VIII СЪЕЗ ІС-ШАРАЛАРЫ, ТАРИХЫ МЕН ХРОНИКАСЫ**

01

**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР
ЛИДЕРЛЕРІНІҢ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ**

02

СЪЕЗДІҢ ТАРИХЫ

03

СЪЕЗДЕР ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

04

СЪЕЗД ХАТШЫЛЫҒЫНЫҢ ХХІІІ ОТЫРЫСЫ

05

**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР
ЛИДЕРЛЕРІНІҢ VIII СЪЕЗІ**

06

II ЖАС ДІНИ ЛИДЕРЛЕР ФОРУМЫ

07

**БҰҰ (UNAOC) ӨРКЕНИЕТТЕР АЛЬЯНСЫНЫҢ
БАСТАМАСЫМЕН ДІНИ НЫСАНДАРДЫ ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ СЕССИЯ**

08

ІС-ШАРАЛАР КҮНТІЗБЕСІ



ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ СЪЕЗИ ТУРАЛЫ

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі алғаш рет 2003 жылы 23-24 қыркүйекте Қазақстан Республикасының бастамасымен ұйымдастырылды. Съезд идеясы алғаш рет 2003 жылы 13 ақпанда Бейбітшілік және келісім жөніндегі халықаралық конференцияда айтылды. Съездің мақсаты – әлемдік және дәстүрлі діндердегі ортақ құндылықтарды табу және сындарлы диалог үшін тұрақты халықаралық алаң құру.

Негізгі міндеттері:

- Бейбітшілік пен толеранттылықты насихаттау,
- Діни айырмашылықтарға негізделген қақтығыстардың алдын алу,
- Экстремизммен, өшпенділікпен және «өркениеттер қақтығысы» ұғымымен күресу,
- БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ секілді халықаралық ұйымдармен серіктестік орнату,
- Жастардың, БАҚ-ның және ғылыми қауымдастықтың қатысуымен диалогты кеңейту.

2003-2022 жылдар аралығында Қазақстанда маңызды халықаралық диалог алаңына айналған жеті Съезд өтті. Оларға түрлі конфессиялардың (ислам, христиан, иудаизм, буддизм және т.б.), сондай-ақ мемлекет басшылары мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.



02.

СЪЕЗДІҢ ТАРИХЫ

I СЪЕЗД (2003 ж.)

«Діни көшбасшылардың халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі»

- 17 делегация
- 13 ел

Жарқын болашақтың негізі ретінде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі бірлескен іс-әрекеттер туралы декларация қабылданды.

II СЪЕЗД (2006 ж.)

«Дін: қоғам және халықаралық қауіпсіздік»

- 43 делегация
- 20 ел

Барлық дін өкілдерін дау-жанжалдарға жол бермеуге және келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге шақырған бірлескен декларация қабылданды.

III СЪЕЗД (2009 ж.)

«Діни лидерлердің толеранттылыққа, өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген әлемді құрудағы рөлі»

- 77 делегация
- 35 ел

Бейбітсүйгіш саясатын ілгерлетуге бағытталған бірлескен декларация қабылданды.

IV СЪЕЗД (2012 ж.)

«Бейбітшілік пен келісім – адамзат таңдауы»

- 86 делегация
- 40 ел

Қатысушылардың дүниежүзі қауымдастығын өзара ықпалдастыққа, келісім мен бейбітшілікке шақырған үндеуі қабылданды.

V СЪЕЗД (2015 ж.)

«Бейбітшілік пен даму жолындағы діни және саяси қайраткерлердің үнқатысуы»

- 80 делегация
- 42 ел

Қазіргі заманғы қақтығыстарды шешуге және саяси қайраткерлердің мүмкіндіктерін біріктіруге бағытталған бірлескен декларация қабылданды.

VI СЪЕЗД (2018 ж.)

«Діни лидерлер қауіпсіз әлем үшін»

- 82 делегация
- 43 ел

Діни көшбасшыларды бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде және қоғамдық жиындарда бейбітшілік, өзара түсіністік пен сыйластық құндылықтарын насихаттауға шақыратын бірлескен декларация қабылданды.

VII СЪЕЗД (2022 ж.)

«Пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің рөлі»

- 100 делегация
- 50 ел

Халықаралық қатынастарда бейбітшілікті, қауіпсіздік пен келісімді нығайтуға ниет білдірген бірлескен декларация қабылданды.

VIII СЪЕЗД (2025 ж.)

«Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия»

- 100 делегация
- 60 ел

03.

СЪЕЗД ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

II СЪЕЗД

Съезд бастамасымен Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы құрылды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерін Бейбітшілік және келісім сарайында ашық дәрістер өткізу үшін шақырылды.

«Дінаралық диалогтың қағидаттары» құжаты қабылданды.

II Съезге қатысушылардың Декларациясына қол қойылды.

III СЪЕЗД

Діни лидерлер кеңесі құрылды.

Дінаралық диалогты және беделді халықаралық форумдармен және ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында Съезд Хатшылығының жанындағы Діни лидерлер кеңесі қызметінің Тұжырымдамасы әзірленді.

«III Съезге қатысушылардың үндеуі» атты Қорытынды құжат қабылданды.

IV СЪЕЗД

Толеранттылық пен сенім құндылықтарын насихаттайтын G-GLOBAL – электронды порталы құрылды.

Діни лидерлер кеңесінің бірінші отырысы өткізілді.

«IV Съезге қатысушылардың үндеуі» атты Қорытынды құжат қабылданды.

V СЪЕЗД

Съезд марапаттары:

Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығы;

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Құрмет медалі тағайындалды.

Бейбітшілік пен келісім мұражайын құру бастамасы ұсынылды.

VI СЪЕЗД

Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығының негізі қаланды.

VII СЪЕЗД

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің 2023-2033 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасы қабылданды;

Жас діни лидерлер форумын өткізу туралы шешім қабылданды.



04.

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ СЪЕЗІНІҢ XXIII ХАТШЫЛЫҒЫ

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің Хатшылығы 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте өткен I съезд қатысушыларының шешімімен құрылған съездің тұрақты жұмыс органы болып саналады. Хатшылық өз құзыреті шегінде Съездің тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органының функцияларын жүзеге асырады. Оның құзыретіне стратегиялық күн тәртібін қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ жалпы отырыстарда және жоғары деңгейдегі келісімдер шеңберінде қабылданған міндеттемелердің орындалуын бақылау және үйлестіру кіреді.

Хатшылықтың негізгі міндеті – оның отырыстары аралығындағы Съездің қызметін қамтамасыз ету. Хатшылықтың басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып табылады. Хатшылық құрамына ислам, христиандық (православие, католицизм, лютерандық), буддизм, иудаизм, индуизм, зороастризм, даосизм, синтоизм діндерінің, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің уәкілетті өкілдері кіреді.

Хатшылық отырыстары жыл сайын өткізіледі және келесі мәселелерге арналған:

- Съезд шешімдерін жүзеге асыру;
- Кезекті отырыстарды дайындау;
- Негізгі тақырыптарды, жаһандық күн тәртібін, жұмыс регламентін және қорытынды құжаттар жобаларын (Декларациялар, Үндеулер) келісу;
- Дінаралық және конфессияаралық диалог мәселелері бойынша халықаралық құрылымдармен өзара іс-қимылды үйлестіру.



ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ VIII СЪЕЗІ

VIII Съезд жұмысына 60-қа жуық елден, 100-ден астам делегация қатысады деп күтілуде. Олардың қатарында **ислам, христиан, буддизм, иудаизм, индуизм, даосизм, зороастризм, синтоизмнің рухани көшбасшылары**, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың, сарапшылар қауымының өкілдері мен қоғам қайраткерлері бар.

Съезд аясында:

16 қыркүйекте ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен **Хатшылықтың XXIII отырысы** өтеді. Осы күні **БҰҰ Өркениеттер альянсының бастамасымен Діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессия** өтеді. Сессия ғибадат орындарына, қасиетті және мәдени нысандарға төнетін қауіп-қатерлерге байланысты жаһандық сын-қатерлерді талқылау үшін жетекші діни лидерлер, дипломаттар, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері бас қосады.

17 қыркүйекте Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері VIII Съезінің Пленарлық отырысы** өтеді. Съездің басты тақырыбы: «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия». Жұмыс барысында секциялық отырыстар форматында бірқатар өзекті мәселелерді қарастыру жоспарлануда.

18 қыркүйекте «Бейбіт өмір – жастар таңдауы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбымен **II Жас діни лидерлерінің форумы** өтеді, сондай-ақ, «Қазіргі таңдағы мәдениетаралық және дінаралық диалог» атты **Эксперттік дөңгелек үстел** өтеді.

II ЖАС ДІНИ ЛИДЕРЛЕР ФОРУМЫ

- Дінаралық диалогтың сабақтастығын қолдау және өскелең ұрпақты тарту мақсатында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезд бастамасы болып саналады (Астана, 2022 ж.).
- Мақсаты: жас діни лидерлер арасындағы диалог үшін халықаралық алаң құру, тәжірибе алмасу және рухани құндылықтарға негізделген өзекті мәселелерді бірлесіп шешу.
- Форум мәдениеттер, діндер мен өркениеттер арасындағы әріптестікті нығайтуға, түрлі конфессиялардың жастарын, халықаралық ұйымдардың өкілдерін, ғалымдар мен саясаткерлерді тартуға ықпал етеді.
- Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасында» бекітілген.
- Жұмыстың қорытындысы бойынша бейбітшілік, төзімділік және өзара түсіністік қағидаттарға негізделген Жас діни лидерлерінің Бірлескен үндеуі қабылданды.
- VIII Съезд аясында (2025 ж. 17-18 қыркүйек) «Бейбіт өмір – жастар таңдауы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбында II Жас діни лидерлер форумын өткізу жоспарлануда.





07.

БҰҰ ӨРКЕНИЕТТЕР АЛЬЯНСЫНЫҢ (UNAOC) БАСТАМАСЫМЕН ДІНИ НЫСАНДАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ СЕССИЯ




Астанадағы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өтетін алаңда алғаш рет Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми іс-шарасы – БҰҰ Өркениеттер Альянсының (UNAOC) бастамасымен Діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессия өтеді. БҰҰ Бас хатшысының тарапынан 2005 жылы басталған бұл жаһандық бастама мәдениеттер, діндер мен халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған. БҰҰ Өркениеттер Альянсы дінаралық және мәдениетаралық диалогты дамытуда, экстремизмнің алдын алуда және діни белгілер бойынша кемсітушілікпен күресуде маңызды рөл атқарады.

Сессияны жаңа форматта өткізу халықаралық аренадағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап көрсетеді және тұтастай алғанда, әлем қауымдастығын ортақ мәселелер төңірегінде біріктіретін алаң ретінде Съездің мәртебесін арттырады. Альянс жұмысының басым бағыттарының бірі – БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Өркениеттер альянсының Жоғары өкілі, БҰҰ-ның Исламофобияға қарсы күрес жөніндегі Арнаулы өкілі Мигель Анхель Моратиностың жетекшілігімен әзірленген БҰҰ-ның Діни нысандарды қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспары. Құжатта сенушілер мен киелі орындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тетіктерді нығайту және өзара құрмет пен ынтымақтастық құндылықтарын насихаттау бойынша нақты қадамдар бар.

Қазақстанның осындай маңызды халықаралық шараны өткізетін орын ретінде таңдалуы – символдық әрі әділ шешім. Еліміз дінаралық және этностар арасындағы диалогтың ерекше алаңына айналып, 100-ден астам ұлт пен 18 түрлі діни конфессияның өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүруде.

Қазақстан үшін UNAOC сессиясын өткізу құрметті миссия ғана емес, сонымен бірге жаһандық тұрақтылықты нығайтудағы сенімді серіктес ретінде еліміздің жоғары халықаралық беделінің тағы бір маңызды дәлелі болып табылады. Іс-шара Қазақстанның бейбітшілік, толеранттылық және өркениетаралық диалог идеяларын ілгерілетудегі жетекші рөлін атап өтеді.

Осы сессияның негізгі мақсаты Өркениеттер альянсының орталық идеясымен үндеседі: тұрақты бейбітшілікке қол жеткізу – мәдени және діни алуантүрлілікті үйлесімді түрде сақтап, құрметтеуден басталады.



08.

ІС-ШАРАЛАР КҮНТІЗБЕСІ



ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ VIII СЪЕЗІНІҢ

СЕЙСЕНБІ

16

10:00, 15:00

- 10:00** Съезд Хатшылығының XXIII отырысы
(Астана қ., Бейбітшілік және келісім сарайы, Тәуелсіздік даңғ. 57)
- 15:00** Біріккен Ұлттар Ұйымы Өркениеттер Альянсының бастамасымен Діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессия (Астана қ., Тәуелсіздік сарайы, Тәуелсіздік даңғ. 52).

СӘРСЕНБІ

17

10:00

- 10:00** Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері VIII Съезінің ашылуы және Пленарлық отырысы
(Астана қ., Тәуелсіздік сарайы, Тәуелсіздік даңғ. 52).

БЕЙСЕНБІ

18

09:00, 10:00, 11:00, 15:00

- 09:00** «Бейбітшілік пен келісім саябағының» салтанатты ашылуы
- 10:00** Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері VIII Съезінің секциялық отырыстары
- 10:00** II Жас діни лидерлер форумы
- 11:00** Эксперттік дөңгелек үстел
- 15:00** Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері VIII Съезінің жабылуы
(Астана қ., Тәуелсіздік сарайы, Тәуелсіздік даңғ. 52).

